



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

В 2001 году в соответствии с Конституционным законом «О Первом Президенте Республики Казахстан» введен орден «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» (Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев) [7]. Награждение этим орденом производится за особые заслуги в государственной и общественной деятельности, способствующей становлению, процветанию и славе Республики Казахстан.

1 декабря 2008 года учреждена высшая степень отличия - звание «Қазақстанның Еңбек Ері».

В 2015 году был учрежден новый орден «Еңбек Даңқы» (Трудовая слава) 3-х степеней.

В укрепление независимости и государственности свою лепту вносят и государственные награды. «Все мы работаем не ради наград, а выполняем свое повседневное дело. Когда человек всю душу отдает любимому делу, посвящая ему все свои силы, награды и признание приходят сами собой. И наша самая ценная общая награда – это процветающий, ставший известный всему миру Казахстан, который покоряет все новые и новые вершины» - сказал Глава государства - «такие качества, как патриотизм, преданность своему делу, упорный труд во благо Отечества, – объединяют всех награждаемых независимо от должности и профессии» [8].

Награды и звания – это знаки высокого признания заслуг, чествования человека труда без которых трудно представить успешное государство.

Список использованных источников

1. [Программа и условия конкурса на лучший проект знаков государственных наград Республики Казахстан // Казахстанская правда - 1993, - апрель - 29.](#)
2. [Состав комиссии по проведению конкурса на лучший проект знаков государственных наград Республики Казахстан \(архивная выписка\)](#)
3. <http://group-global.org/kk/node/3882>
4. Закона, «О государственных наградах Республики Казахстан» от 12 декабря 1995 года № 2676.
5. <http://group-global.org/kk/node/3882>
6. Закон Республики Казахстан от 26 июля 1999 года № 462-1
7. Закон РК от 3 мая 2001 года № 180
8. <http://www.nomad.su/?a=3-201312160026>

ӘОЖ 930.85

КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Сактаган Айсауле Сериккызы

aisaule_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А. Оразбаева

Жұлдыз біткен көкте бетін шымшылап,

Бұғау бұған жатыр қала су сұрап,

Жылтылдаған сәулесіндей үміттің

Әр қабатта сөнбейді тек бір шырақ,- деп Балқыбек Әмірхан ақын жырлағандай қала мәнінің қоғам санасында алатын орны зор.

Қала – бұл адамдарды бір территорияда шоғырландырып орналастыру түрі. "Қала" сөзінің анықтамалық мәнін келесі жолдармен көрсетуге болады:

- өркениет дамуының негізгі өлшемі;
- өркениеттің анықтауышы – қала қоғамының тұрғындары 10 000 адамнан кем емес;
- өркениет процессінің нышаны мен нәтижесі;
- өркениеттің соңғы сатысы мен оның опат болуына өтудің соңғы бөлімі, сонымен қатар аяқталған өркениетке айналуы [1, 76 б.].

Қала – қай уақытта болмасын экономикалық, саяси, мәдени дамудың ошағы болған. Қоғам даму дәрежесінде қалалардың пайда болуы біркелкі болған емес. Еуропа қалалары шаруалар мен колөнершілердің сауда-саттық мақсатында шоншарлар бекіністерінің маңына қоныстануы нәтижесінде пайда болды. Орталық Азия мен Қазақстанның экономикалық, мәдени, саяси ортақ айнасы, өзара бірігей байланысы қалалық өркениеттің пайда болуына әкелді. Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия арасындағы мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси көзқарастың айырмашылығы айдан анық. Осы уақытқа дейін тарихи санамызға Шығысты "жаппай құл иеленушілікпен" теңеу тән болып келген еді. Алайда, зерттеушілердің объективті көзқарасы бойынша Шығыс Азия, Солтүстік Африка елдері экономикалық тұрғыдан Еуропаны озып, жоғары қалалық мәдениеттің иесі болып есептелінді. Демек, даму динамикасының анықтаушы өлшемі болып материалды фактор емес, керісінше ішкі мүмкіндіктер мен өркениеттің түрлі типтердің даму механизмінен шығатын рухани тәртіп қарастырылады [1, 77 б.].

Көптеген қалалардың пайда болуы, атаулары тарихи жәдігерлердің көп бөлігінде мәліметтері сақталмаған немесе аз кездеседі. Алайда кейбір қалалардың пайда болуы жайында халық арасында тараған аңыздар желісінен білуге болады және бұл олар жайлы азда-көпте болмасын мәлімет береді. Қалалар әрдайым табиғи ортасы жайлы аумақтарда орналасқан. Бұл жайды Ш.Уәлихановтың жақын досы, саяхатшы, этнограф Г.Н.Потаниннің Көкшетау табиғатын суреттеуінен байқауға болады: "Оңтүстігінде үстірттер мен төмпешіктер, сол және оң жақ бөлігінде тауларды байқауға болады. Тау табанының жолының соңында Көкшетау қаласы орналасқан. Кавказдікі сияқты жазықтықта жатыр, алайда қаладан кейін таулар көріне бастайды".

Орта ғасыр тарихынан көшпелі мен отырықшының, малшы мен қолөнершілердің арасындағы күресті емес, ал керісінше қарым-қатынасы нәтижесіне көз жеткізуге болады. Мәселен, Хорезмді зерттеген белгілі ғалым С.П.Толстов өз еңбектерінде: "Қалалық өркениетті тек жер өңдеудің, отырықшылықтың нәтижесі деп санау үлкен қателік" деген қорытынды жасаған еді. Қалалар әрдайым көшпелі мен отырықшы халықты біріктіріп отырған, сондықтан да сол кезеңде өзінің даму шегіне жетті. Бұл мәселеге қатысты зерттеушілердің пікірі бірегей емес. Мәселен, XX ғасырдың басында көшпенділер мен отырықшылар арасындағы күрес нәтижесінде, көшпенділер алдындағының бәрін жойып, гүлденген оазисті өлген шөлге айналдырды деседі [2, 18-19 б.]. Ғалымдардың ойынша олар бір-бірімен экономикалық, мәдени, саяси тұрғыдан байланыста болатын. Бұл бірегейліктің бұзылуы көшпенділер үшін ауыр жағдайға әкелді. Осы ойды Толстов С.П., Жданко Т.А., Плетнева С.А. сынды ғалымдар пайымдайды [3, 245б.]. Айта кететін жөн, Сырдария мен Оңтүстік Қазақстан көшпенділері әлеуметтік-экономикалық шеңберде бірлесті. Отырықшы мен қала тұрғындарының ықпалымен көшпелілер отырықшылыққа көшіп, қала өміріне бейімделе бастады. Бұл ықпалдың әсері отырықшы өмір салтының дамуын жеделдетті. Осылай өзара байланыс еліктеу, интеграция, диффузия секілді көріністермен сипатталады. Аталған байланыс қалалық мәдениетін дамуына әсерін тигізді [4, 73-74 б.]. Батраков В.С. көшпенді халықтың әскери белсенділігі көшпелі шаруалықтың негізгі өзегі, шын мәнінде, отырықшы халықпен бейбіт өмірінің бұзылуы, сауда қатынастарының тоқталуы секілді себептерін көрсеткен еді. Бұл дегеніміз көшпелі әлемді көрші қалалық ортадан бөліп қарастыру тегінде дұрыс емес. Олардың арасында әрдайым тығыз байланыс болған, және ол байланыс қалалар арқылы жүзеге асып тұрды. Осы тұста Крадин Н.Н. көшпенділер мен отырықшылардың қарым-қатынасының сипаты жайлы өз пікірін айтты. Оның ойынша бұл

ерекшеліктер көшпелі империялардың типологиялық сипатын көрсетеді. Бірінші жағдайда көшпелілер мен отырықшылар ортақ экономикалық байланысқа, одан әрі бірегей саяси организм ретінде біріккен емес. Көшпелі империяның екінші бір моделінде көшпенділер мен отырықшылар бірегей саяси организм ретінде, алайда өзара экономикалық жүйенің байланысы жоқтығымен сипатталады. Империяның үшінші типі көшпенділер отырықшылардың жерін басып, сол жерге қоныстана бастаған уақыттан кейін пайда бола бастаған. Демек, көшпелі ядро мен отырықшы-қалалық тұрғындар ортақ әлеуметтік организмнің құрамына енген. Мүмкін бұл сипат әлеуметті-мәдени даму мен көшпелі қалалардың белгілі кезеңінің өзара әрекетін көрсетеді [5, 17 б.].

Алайда көшпелілер мен отырықшылардың қарым-қатынасы әрдайым бейбіт жағдайда болған емес. Орта ғасырда олардың өзара соғыстары қалыпты құбылысқа айналған. Оңтүстік Қазақстанда Шығыс Дешті Қыпшақ, Мәуреннахр мен Сырдария секілді көрші мемлекеттерінің билеушілерімен қарама-қарсы мүдделерінің шырмалануымен келді, әсіресе Сырдария қалалары соғыстардың болуына себепкер еді. Ұзақ соғыстар отырықшылықтың жерлердің қысқаруына, жергілікті халықтың жағдайдың күрт нашарлануына, қала шаруашылығының құлдырауына әкелді. Тұтас алғанда Орталық Азия мен Қазақстанның отырықшы аудандары мен қалалардың және көшпенділердің тарихи дамуы экономикалық байланыстармен анықталды.

Оңтүстік Қазақстан қалалары көшпенділер мен қала тұрғындары тауар алмасатын сауда-саттық орны ғана болмаған. Олар түркі халықтарымен қоныстанған отырықшы алқаптары негізінде пайда болған. Бұл қалалар әкімшілік, сауда, мәдениет ошақтарына айналды. Алғашында орта ғасырлық қалалар бірнеше әлеуметтік функциялар атқарды. Жалпы орта ғасырлық қала дамуының деңгейі Қазақстан тарихында пікірталасты тудырады. Толстов С.П. айтуы бойынша, қалалық өмір бұл кезде құлдырау шағында болды "қалаларда халықтың болмашы бөлігі шоғырланды, көбіне ақсүйектер мен олардың қызметшілері. Тек бірте-бірте ерекше орамдарда тұратын, қалалық қолөнершілер пайда бола бастайды [6, 249 б.]. Бұл тұжырымды біршама зерттеушілер қолдады. Алайда, бұл көзқарас Беленицкий А.М. тарапына күмәнға алынды. Өзінің зерттеу жүргізген материалдарына сүйене отырып, қалаларда қолөнер, сауда, мәдениеттің дамығанын дәлелді [7, 188 б.].

Ортағасырлық қала өмірінде отырықшы өмір салты маңызды рөл атқарды. Тұрғындар қала сыртында өңделген жерлерге ие болды, соған кейін жаз мезгілінде көшетін. Археологиялық қазбалар отырықшылықтың қала тұрғындары үшін маңыздылығын дәлелдейді. Қаланың дамуын сипаттай келе, оның бір жағынан дәстүрлігі мен мәдениеттің жалғыстыруын айта кеткен жөн. Қала тұрғындарын санын анықтауда маңызды рөлді демографиялық санаулар алады. Мәселен, Отырардың әр орамында 6 дан 12 ге дейінгі үйлер 5-7 адамдарға жететін жеке отбасыларға тиесілі болатын. Көшелерде орташа есеппен 45тен 63 ке дейін адам, қалада шамамен 4500-6300 адам немесе орта есеппен 5500 тұрғындарға жетті. 1500 бастап 2000 дейінгі тұрғындар: Қарамасаман, Сүткент, Үзгент, Ақ-Қорған өмір сүрді. Сондықтан, қалалық XVI алғашқы төрттіке мен XVII ғасырлар да Қазақстанда 70000 адамнан түспеді.

Қорытындылай келе, бір аймақ пен халықтың мәдениеті, қаншалықты дербес, жеке болғанымен, дегенменде басқа мәдениеттің ықпалына түсіп, оны өзгерттерді. Отырықшы мен қала тұрғындарының байланысының нәтижесінде туындаған көшпелі қоғамдағы қалаларың алатын орнының маңызы зор. Этникалық тарих өзара байланысты, әрі толықтырушы процесс, бұл өз кезегінде көшпелі қоғамдағы қаланың пайда болуы мен дамуына әсерін тигізді. Қарастырылған мәселе, көшпелі қоғамдағы қалалардың ортағасырдан бергі тарихи-мәдени даму динамикасын зерттеу, мәдениет мен халықтардың қайнар көзін ретроспективті іздеу мәселелерін қарастырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оразбаева А.И. Роль городов в цивилизационном устройении общества: сравнительный анализ оседло-земледельческих и кочевых культур/Көшпенділер өркениетіндегі дала қалаларының орны: халықаралық ғылыми конф. – Астана, 2008 - Б. 76-84 .
2. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Туркестанский край. – Спб.,1913, Б. 18-19 .
3. Толстов С.П. Древний Хорезм. – М., 1948, 245 б.
4. Распопова В.И. Строительное дело Согда и Тохаристана в раннем средневековье// Бактрия и Тохаристан на древнем и средневековом Востоке: Тезисы докладов конференции, посвященной десятилетию Южно-Таджикистанской археологической экспедиции. – Душанбе, 1983. Б. 73-74
5. Боталов С.Г. Кочевнический город как особое культурное явление кочевой цивилизации Евразии// Вестник Челябинского государственного университета, 2009. – №28 (166).– 176.
6. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М:Наука, 1962, 249 б.
7. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья.– Алма-Ата:Наука, 1986, 188 б.

УДК: 93(1-21):330(574)(045)

ГОРОДА КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Саметова Гульмира Сейтбековна

Sametova_Gulmira@mail.ru

Докторант кафедры Евразийских исследований ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – М. Алпысбес

Изучение истории городов Казахстана в конце XIX - начале XX вв. позволяет представить, как менялась хозяйственная жизнь городских поселений, под влиянием каких факторов происходили эти изменения, какое значение они имели для населения городов и округи.

Окончательное вхождение Казахстана в состав империи повлекло за собой проникновение российского и иностранного капитала, активную разработку месторождений полезных ископаемых, вывоз сельскохозяйственных продуктов, скупаемых по крайне низким ценам.

Со второй половины XIX века начала складываться финансовая система. На территорию Казахстана распространилась деятельность Государственного, Крестьянского и Дворянского банков. Их филиалы существовали в Уральске, Петропавловске, Семипалатинске, Омске, Верном, поселке Коянды. Активно проникал в финансовую систему и Сибирский торговый банк. Появились биржевые организации при помощи которых осуществлялся оптовый сбыт продукции.

В области торговли появились новые формы. Распространились кредитные и учетные операции, чековое обращение, векселя.

Формирование национальной торговой буржуазии шло по нескольким каналам – из числа приказчиков, служивших у русских и среднеазиатских купцов, из числа маклаков или прасолов, из алыпсатаров и саудагеров. Крупными казахскими торговцами были баи.